

Алюмомолибденді катализаторда парафинді және нафтенді көмірсутектердің түрленуі
(510⁰С, 75атм, шикізатты жеткізудің меншікті көлемді жылдамдығы 0,9 с-1 ; сутек: көміртек мольдік қатынастары =11,7 -7,9:1)

Реакция өнімдерінің шығуы, шикізатқа салм. %	Бастапқы шикізат		
	изооктан	цетан	этилцикло-гексан
Газ C ₁ -C ₅	74,4	60,9	5,3
Парафинді көмірсутектер C ₈ -C ₉	26,8	23,3	-
соның ішінде:	2,7	1,8	-
парафиндер C ₇	24,1	-	-
изооктан	-	9,0	-
Цетан	-	-	74,0
Нафтенді көмірсутектер C ₈	-	-	55,5
соның ішінде:	-	-	18,5
этилциклогексан	-	8,7	19,7
диметилциклогександар	-	0,5	-
Ароматты көмірсутектер	-	-	-
Басқа көмірсутектер	-	-	-

3.4.1.4. Ароматты көмірсутектерді гидрлеу

Никельді және платина катализаторлар бетінде бензол және толуол 150-200⁰С және 50-ге дейінгі қысымда циклогексанға және метилциклогексанға жеңіл гидрленеді. Сульфидті вольфрамникельді және вольфрамды катализаторлар бетінде бензол және оның жақын гомологтары 300-360⁰С, 200-300 атм қысымда толығымен гидрленеді. Температураның 380⁰С артығында циклогександы сақинаның метилциклопентандыға изомерленуі өтеді. 250 атм қысымда және 408⁰С температурада вольфрам сульфиді бетінде алынған бензолды гидрогендеу өнімі 90% метилциклопентаннан құралады. 1,3 - Диметилциклопентан метилциклогександы изомерлеу өнімдері болып табылады, ал этилциклогександікі -1,3 метилэтилциклопентан.

400⁰С температурада жоғары өнеркәсіптік катализаторлар қатысында C₁-C₆ парафиндерді түзумен қатар метилциклопентанның сақинасының қарқынды деструкциясы өтеді, C₄-C₆ көмірсутектердің ішінде изоқұрылымдар басым болады.

Полициклді ароматты көмірсутектердің гидрленуі бірнеше қатар тізбектелген сатылардан өтеді. Осылай нафталин алдымен